

Баймаханов Н.Б.,* Сахтаганова Ж. О., Қалдыбек А.Б.
гуманитарлық ғылымдар магистрі, М.Әуезов ОҚМУ, Шымкент қ, Қазақстан
ЖТ-19-2к2 тоб. студенті, М.Әуезов атындағы ОҚМУ, Шымкент қ, Қазақстан
ЖТ-19-2кс тоб. студенті, М.Әуезов атындағы ОҚМУ, Шымкент қ, Қазақстан
**ТҰРАР РЫСҚҰЛОВ – ХХ ҒАСЫРДЫҢ КӨРНЕКТІ ҒАЛЫМЫ,
САЯСИ ЖӘНЕ ҚОҒАМ ҚАЙРАТКЕРІ**

Автор корреспондент: baimahanov_kenge@mail.ru

Түйін: Тұрар Рысқұловтың индустриалды және әлеуметтік-экономикалық, саяси және рухани дамуындағы идеялары туралы қосқан үлесімен таныстыру Тұрар Рысқұлов алдымен Түркістан Республикасының Орталық Атқару Комитетінің төрағасы, артынан Түркістан Халық Комиссарлар Кеңесін басқарды. Орталық Азияның халық - шаруашылығын қалпына келтіру және өркендету, өндірісті дамыту, оқу-ағарту ісі жолға қою, сауатсыздықты жою, халықтардың саяси-экономикалық және әлеуметтік құқығын теңестіру және тағы басқа орасан зор ауқымдағы шараларды іске асырды. Өткен жолымызды ой елегінен өткізсек Қазақстан мен Орта Азия халықтарын патшалық Ресейдің отарлық езгісінен азат ету, идеясын жан-тәнімен іске асыруға еңбек еткен қазақ зиялыларының алғашқы легі көрнекті мемлекет қайраткерлерінің мұраларын білудің, оларды қазіргі өмірге пайдаланудың маңызы зор. Бұл әсіресе келешекті жасайтын жастарға өнеге және қайрат жігер береді.

Кілттік сөздер: Қазақстан, Орта Азия, Түркістан, Әулиеата, Автономия, Орталық Комиссия, Республика, Мұсылман бюросы, Моңғол Халық Республикасы, КСРО Әскери коллегиясы.

Бүгін барша әлем мойындап, үлкен беделге ие болып, ертең дамыған мемлекеттердің қатарына енгелі отырған тәуелсіз Қазақстанның тарихы күрделі кезеңдерден тұратыны белгілі. Қазақ халқы өз тарихында аса ауыр саяси, әлеуметтік-экономикалық процестерді басынан кешірді. Ең ауыр кезеңнің бірі – ХХ ғасырдың алғашқы жартысы болғаны күмәнсіз. Ресей империясының отарлық саясатының кесірінен қазақ халқының құнарлы да шұрайлы жерлерінен айырылуы, көшпелі мал-шаруашылығының дағдарысқа ұшырауы, 1917 жылғы орыс революциялары, азамат соғысы, ашаршылық халыққа ауыр тиді, миллиондаған халқымыздан айырылды. Екінші жағынан, социалистік қайта құрулар нәтижесінде қазақ халқы өз тарихында тұңғыш ұлттық республикасына ие болып, отырықшы өмір салтына өтті.

Өткен жолымызды ой елегінен өткізсек Қазақстан мен Орта Азия халықтарын патшалық Ресейдің отарлық езгісінен азат ету, идеясын жан-тәнімен іске асыруға еңбек еткен қазақ зиялыларының алғашқы легі көрнекті мемлекет қайраткерлерінің мұраларын білудің, оларды қазіргі өмірге пайдаланудың маңызы зор. Бұл әсіресе келешекті жасайтын жастарға өнеге және қайрат жігер береді.

Солардың ішінде Тұрар Рысқұловтың сом тұлғасы ерекше көзге түседі. Ол – Орталық Азия республикалары мен Қазақстанның болашақ саяси және экономикалық тәуелсіздігінің негізін қалаған тарихи тұлғалардың бірі болды. Тұрар Рысқұлов алдымен Түркістан Республикасының Орталық Атқару Комитетінің төрағасы, артынан Түркістан Халық Комиссарлар Кеңесін басқарды. Орталық Азияның халық - шаруашылығын қалпына келтіру және өркендету, өндірісті дамыту, оқу-ағарту ісі жолға қою, сауатсыздықты жою, халықтардың саяси-экономикалық және әлеуметтік құқығын теңестіру және тағы басқа орасан зор ауқымдағы шараларды іске асырды. [1].

Тұрар Рысқұлов 26 желтоқсан 1894 жылы Верный уезіне қарасты Шығыс Талғар болысында (қазіргі Алматы облысы) Алатау баурайында туған. Оның әкесі Рысқұл Жылқыайдарұлы ХІХ ғасырдың 80-жылдары патша әкімшілігінің озбырлығына шыдамай Сырдария облысының Черняев уезінен (қазіргі Түркістан облысы Түлкібас ауданы) Верный уезіне қоныс аударып келген болатын. Жаңа қонысында да әділетсіздік көрген Рысқұл 1904 жылы желтоқсанда халыққа тізесі батқан болысты атып өлтіреді. Түрмеде жатып өш алушылардың жалғыз ұлы Тұрарға зияны тиер деп қауіптенген ол оны өзінің қасына алдыртады. «Түрме баласы» аталған Рысқұлов түрме үйлерін сыпырып, бастықтың атын айдап жүріп орыс тілін үйренеді. Әкесі 10 жылға сотталып Сахалинге жер

аударылған соң Рысқұлов – «Қырғызбаев» деген жалған фамилиямен нағашыларының қолына келіп, Меркідегі орыс-түземдік бастауыш мектепте оқиды. Мұндай аралас мектептер белсенді миссионерлік мақсат ұстанған болатын. Рысқұлов 1915 жылы Ташкенттегі мұғалімдер семинариясына түсуге тырысады, бірақ оны мұнда да «бұратана» деген сылтаумен қабылдамайды. Ақыры ол оқу министріне арыздана жүріп, арнайы рұқсатпен емтихан тапсырады да, оқуға қабылданады. Күн көру үшін оқумен қатар Ташкент қаласының іргесіндегі Красноводск тәжірибе алаңында бағбан болып істеді. 1917 жылы жазда қазақ даласында ұлт-азаттық көтеріліс басталған кезде Рысқұлов оқуын тастап, Әулиеата уезіндегі Совдепі аткомының председателі аттанды. Ол Меркіге келген кезде халық ашық бас көтерулерге шығып, жер-жерде қарулы қақтығыстар өрши бастаған болатын. Ол Ақкөз Қосанұлы бастаған көтерілісшілердің іс-әрекетіне ұйымдық сипат беріп, саяси бағдар сілтеді. Меркідегі көтерілістің өршіген кезінде Рысқұловты патша әкімшілігі тұтқындайды, бірақ оның іс-әрекетінен кінә таба алмай босатып жіберуге мәжбүр болады. 1917 жылғы Ақпан төңкерісінен кейін көктемде Рысқұлов Меркіге оралып, онда «Қазақ жастарының революциялық одағын» құрады. Осы жылы жазда Рысқұлов РСДЖП құрамына мүше болып қабылданды. [2].

1918 жылы сәуірде Әулиеата уездік кеңесінің атқару комитеті төрағасының орынбасары болып сайланып, өз күш-жігерін ашаршылыққа ұшыраған халықты төніп тұрған ажал тырнағынан арашалап қалуға, орыстар мен қазақтардың арасындағы қарым-қатынасты реттеуге, кеңестерге жергілікті халық өкілдерін көптеп тартуға жұмсады. Әулиеата уездік төтенше комиссия ұйымдастырып, қарулы отрядпен бірге уезді аралап, орыстар мен қазақтардың өзара қырқысын тиюға, контрибуция ретінде тартылып алынған қазақтардың мал-мүліктерін өздеріне қайтарып бергізуге тырысты. Рысқұловтың ықпалымен Әулиеата уездік кеңесінің құрамы мен жұмыс тәсілі тез өзгере бастады. 1918 жылы 21 сәуірде уездік кеңестің мүшелігіне қазақтар арасынан депутаттар сайлау мақсатымен Әулиеата қаласында Рысқұлов ұйымдастырған қазақтардың жиыны болып өтті. Жиналыстың шешімі бойынша Әулиеата уездік кеңесінің 26 мүшесінің 15-і жергілікті халық өкілдері болды. Рысқұловтың жетекшілігімен Әулиеата қаласы маңында қоғамдық тамақтандыру орындары ұйымдастырылып, онда 20 мың адамға дейін ашыққан қазақтар тамақтандырылды. 1918 жылы шілдеде Әулиеата уездік кеңесінің атқару комитеті төрағасы болып сайланды. Уездік кеңестің сан түрлі қызметін ұйымдастыра отырып, Рысқұлов бұрынғысынша негізгі күш-жігерді ашаршылықпен күрес ісіне бағыттады.

1918 жылы қыркүйекте Рысқұлов Түркістан автономиялы Республикасының Денсаулық сақтау халық комиссары болып тағайындалды. Бұл комиссариатқа денсаулық ісімен шұғылданумен қатар аштықпен күресу міндеті де тапсырылған еді. Аштықпен күресуге Денсаулық сақтау халық комиссариатының күш-қуаты мүлдем жеткіліксіз болатын. Сондықтан да Рысқұлов аштықпен жүйелі түрде күресу үшін, құрамына түрлі комиссариаттардың өкілдері кіретін арнайы ұйым құруды талап етеді. Осыған орай 1918 жылы 28 қарашада ерекше Орталық Комиссия ұйымдастырылып, оның төрағасы болып Рысқұлов тағайындалды. Рысқұлов басшылық еткен ерекше комиссия Түркістан автономиялық республикасының 19 уездері мен қалаларында 923 мың адамға арналған тамақтандыру орындарын ашты. 1919 жылы 14 наурызда Түркістан Республикасы кеңестерінің 7 съезінде Орталық атқару комитеті төрағасының орынбасары болып Рысқұлов сайланды.

Осы жылы 14 – 31 наурыз аралығында Ташкент қаласында болып өткен Түркістан КП-ның 2 конференциясында ОК жанынан Мұсылман бюросын құру туралы шешім қабылданды. Рысқұлов Мұсылман бюросы қызметін жандандыра түсу мақсатымен оның ұйымдастыру, редакция-баспа, мәдени-ағарту және әскери бөлімшелерін құрды. Түркістан Республикасы атқару комитеті Әулиеата және Черняев уездеріндегі саяси-әлеуметтік және ұлтаралық қарым-қатынас жайымен танысу үшін онда арнайы комиссия аттандырды. Рысқұлов төрағалық еткен бұл комиссия Әулиеата атқару комитетінің мүшелерін өз міндеттерін іске асыра алмағаны үшін қатаң сынға алып, бұл комитеттің таратылғанын

жариялады. Осыдан кейін Әулиеата уездік атқару комитетінің орнына Түркістан атқару комитетінің шешімімен Әулиеата уездік уақытша Революциялық комитет ұйымдастырылды. 1920 жылы 21 қаңтарда Рысқұлов Түркістан Орталық атқару комитетінің төрағасы болып сайланды. [3].

Ол атқару комитетін Түркістанның тарихи-объективті жағдайы мен ерекшелігін басшылыққа алып жұмыс істейтін органға айналдырды, жергілікті халықтардың құқығын қорғайтын ұйым дәрежесіне көтерді. Атқару комитетінің төрағасы ретінде Түркістан Республиканың Конституциясына сай берілген құқықтарын пайдалана отырып орыс шаруаларының қарусыздандырылуына, олардың экономикалық жағдайының жергілікті халықтың әлеуметтік-экономикалық жағдайларымен теңестірілуіне, орыс шаруалары мен казактардың көшпелі халықтардан тартып алған жерлерін иелеріне кері қайтаруларына қол жеткізді. Ол Түркістан Республиканың саяси-мемлекеттік егемендігі жолында табанды күрес жүргізді.

Республиканы түркі тілдес халықтардың ұлттық мемлекетіне айналдыруға, республика егемендігіне, яғни саяси, экономикалық, дипломатиялық, әскери және мәдени мәселелер бойынша нақты болуы тиіс дербестік құқықтарына ие болуға бар күш-жігерін жұмсады. 1924 жылы 4 ақпанда РКП (б) ОК шешіміне орай Рысқұлов Коминтерн атқару комитетінің құрамына қызметке жіберілді. Коминтерн атқару комитетінің Орталық-Шығыс бөлімі меңгерушісінің орынбасары болып бекітілді. 1924 жылы жазда Коминтерн атқару комитетінің өкілетті өкілі болып тағайындалды. Ол онда Моңғол Халық Республикасының аяғынан нық тұрған мемлекеттік ретінде қалыптасуына зор еңбек сіңірді. Ол Моңғолия Конституциясының жобасын әзірлеуге атсалысты. Моңғолия астанасының атын Уланбатор (Қызылбатыр) деп қоюды ұсынған Рысқұлов болатын.

1926 жылы наурызда Рысқұлов Қазақстанға жіберіліп, Қазақ өлкелік БК (б) П комитетінің Баспа бөлімінің меңгерушісі қызметіне тағайындалды. Осы жылы 19 сәуірде Рысқұлов Қазақ өлкелік БКП (б) комитеті қаулысымен «Еңбекші қазақ» газетінің жауапты редакторы болып бекітілді. Көп ұзамай 31 мамырда Бүкілодақтық орталық атқару комитетінің қаулысымен Халық комиссарлары кеңесі төрағасының орынбасары болып бекітілді. Бұл қызметіне қоса Рысқұлов Түркісіб темір жолын салуда үкімет комиссиясының төрағасы болып, оны 6 жылда аяқтау орнына 3 жылда пайдалануға берілуін ұйымдастырды. Маманданған қазақ жұмысшыларын қалыптастыруға, қазақ жастарын Ресей және шет ел оқу орындарында көптеп оқытуға көп көңіл бөлді. Қазақ өлкелік БК (б) П к-тін басқарған Ф. И. Голощекиннің «Қазақстанда кіші Қазан» төңкерісін жасау идеясына ашық қарсы шықты. Кеңестік ұжымдастыру саясатының зардаптарын жою, Қазақстандағы ашаршылықтың апатынан халықты құтқару жайында И. В. Сталинге нақты ұсыныстар жасады. [4].

Бірақ И. В. Сталин Рысқұловтан гөрі Ф. И. Голощекинге сенім артатындығын танытты. Рысқұлов қолынан келгенше ашаршылық тауқыметіне ұшырағандарға жәрдем көрсетуге талпынды. 1937 жылы 21 мамырда Кисловодскіде демалыста жүрген Рысқұлов «пантүрікшіл», «халық жауы» деген айыппен тұтқынға алынды. Кеңестік қуғын-сүргінге ұшыраған Рысқұлов Мәскеу түрмесінде қайтыс болды. Рысқұлов есімі КСРО Әскери коллегиясы Жоғарғы Сотының шешімімен 1956 жылы 8 желтоқсанда ақталды. Тұрар Рысқұлов адам ретінде қоғам және саяси қайраткер ретінде қазақ халқының ұлы перзенті. Ол қазақ халқының болашағы жарқын аспаны ашық болуы үшін күресіп тәуелсіздік пен бейбіт өмірді аңсап кетті. Биыл көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері Тұрар Рысқұловтың туғанына 125 жыл. Мемлекет қайраткері қазақ жерінің экономикалық дамуына бар ерік-жігерін жұмсаған. Өз елінің рухани мәдениетін әлемдік деңгейде танытып, адамзат санасына қозғау салған ұлыларды ұлықтау мәселесі Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті- Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» және «Ұлы даланың жеті қыры» атты мақалаларында жақсы көтерілген. Ұлт мүддесіне қызмет еткен қазақ зиялыларының тарих пен әдебиет кеңістігіндегі заңды

орындарын иеленуіне игі әсер етер бұл мақаладағы міндеттердің бағасы бүгін де, ертең де артпаса төмендемесі хақ . [5].

Әдебиеттер тізімі:

1. Назарбаев Н.Ә.: «Ұлы даланың жеті қыры» Егемен Қазақстан 21.11.2018ж
2. Қоңыратбаев О. Т.Рысқұлов: Қоғамдық-саяси және мемлекеттік қызметі. Түркістан кезеңі. Қазақстан,1994 ж.
- 3.Омарбеков Т. 20-30 жылдардағы Қазақстан қасіреті: Көмекші оқу құралы.- Алматы:Санат,1997 ж.
4. Кошанов А., Сабден О., Догалов А. Турар Рыскулов:государственная деятельность и экономические воззрения.-Алматы: Институт экономики МОН РК, Издательство «Арыс» 2008 ж.
- 5.Қ. Қасенов., Ә. Төреханов. Қызыл қырғын 37-де опат болғандар, Алматы: «Қазақстан» 1994 ж.
6. Қазақ қалай аштыққа ұшырады: Алматы, «Қазақ университеті» 1991 ж .
7. Әбілтайұлы М., Әбілдаев Н.Т.Рысқұлов Монғолияда. Алматы: «Қазақстан» 1994 ж .
- 8.Рақымжан Т,ф д, профессор, Алаш мұратына адалдық- Ана тілі газеті 2014ж.
9. Сәбден О. ҚРҰИА академигі : Тұрар Рысқұлов – қазақстан, орталық азия мен ресейдің аса көрнекті мемлекет қайраткері,Егемен Қазақстан газеті
10. Интернет ресурс:Www.wikiediaorg

Аннотация: Эта статья знакомит с вкладом Турар Рыскулова в промышленное и социально-экономическое, политическое и духовное развитие. Турар Рыскулов сначала возглавлял Туркестанский центральный исполнительный комитет, а затем возглавлял Совет народных комиссаров Туркестана. Восстановление и процветание народов Центральной Азии, развитие производства, образовательный процесс, неграмотность, отчуждение политических, экономических и социальных прав народов и так далее. Рыскулов создал организационные, редакционные, издательские, культурные и образовательные подразделения с целью активизации офиса Мусульманского бюро. ЦИК Туркестанской Республики создал специальную комиссию по изучению политических, социальных и межэтнических отношений в Аулиятинском и Черняевском уездах. Он превратил Исполнительный комитет в орган, который руководствовался историческим и объективным статусом Туркестана и сделал его членом местной организации по защите прав народа.

Abstract: This article introduces Turar Ryskulov's contribution to industrial and socio-economic, political and spiritual development. Turar Ryskulov first headed the Turkestan Central Executive Committee, and then headed the Council of People's Commissars of Turkestan. The restoration and prosperity of the peoples of Central Asia, the development of production, the educational process, illiteracy, the alienation of the political, economic and social rights of peoples and so on. Ryskulov made organizational, editorial, research, cultural and educational subdivisions at the office of activation of the Mosul office. The CIC is a member of the Turkestan Special Commission for the study of political, social and interethnic relations in the Auliatsinsk and Chernyev district. It elevated the Ten Lecture Committee to a body that was guided by the historical and objective status of Turkestan and made it the right place for organizing the right society.